

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Б.БЕЙСЕНОВ атындағы ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы

«Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы»

пәні бойынша

ДӘРІС МАТЕРИАЛДАРЫ

Тақырыбы:

**«Қоршаған табиғи ортаны және табиғатты пайдалануды қорғаудың
механизмі»**

Дайындаған: Ахашов А.Ғ.

*ПӘС отырысында талқыланып,
мақұлданды 2016 жылғы 31 тамыз № 1 хаттама*

Қарағанды 2016

**Дәріс 5. Қоршаған табиғи ортаны және табиғатты пайдалануды
қорғаудың механизмі**

ДӘРІС ЖОСПАРЫ (1 сағат)

Кіріспе

- 1. Мемлекеттік экологиялық басқару ұғымы және мазмұны**
- 2. Мемлекеттік экологиялық басқару органдарының жүйесі**
- 3. ҚР-дағы экологиялық бақылау ұғымы және түрлері.**

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Жалпы қоршаған табиғи ортаны және табиғатты пайдалануды қорғаудың механизмі туралы айта отырып, мемлекеттік экологиялық басқару – мемлекеттік органдардың қоршаған табиғи ортаны қорғау, қайта қалпына келтіру мен пайдалануды ұйымдастыруға, жеке және заңды тұлғалардың, шаруашылықтар мен мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды қызығушылықтарын сақтауға бағытталған және өндірістік дамудың адам мен табиғатқа зиянды әсерін жоюға арналған қызметі. Сонымен қатар бұл - мемлекеттік органдардың – қоғамның қоршаған ортамен өзара іс – әрекеті кезінде экологиялық тәртіпті қамтамасыз ететін, мемлекет субъектілерінің экологиялық міндеттерін және құқықтарын жүзеге асыратын орындаушылық – билік етушілік іс – әрекеттері.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 6-бабында қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері көрсетілген. Яғни қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауды;
- экологиялық нормалауды;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуді;
- мемлекеттік экологиялық сараптаманы;
- экологиялық рұқсаттар беруді;
- мемлекеттік экологиялық бақылауды;
- қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесін;
- мемлекеттік экологиялық мониторингті;
- табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды;
- экологиялық білім беру мен ағарту ісін қамтиды.

Қазақстан Республикасы бүкіл дүние жүзіндегі табиғат ресурстарының қоры жағынан ең бай елдердің қатарына жатады. Табиғат объектілеріне меншік құқығы немесе тағы да оларды табиғат ресурстары деп атайтынындай, тек экологиялық құқықтың мәнін құрап қана қоймайды, сонымен бірге конституциялық, азаматтық, су, орман және жер құқығы сияқты бірнеше салаларын құрайды.

Жалпы меншік құқығы дегеніміз не, соған қысқаша анықтама беріп кетсек. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 188 бабы бойынша меншік құқығы дегеніміз - субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және

қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Табиғат ресурстарына меншік құқығының мазмұны жоғарыда аталған үш заңдылық болып табылады: иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Экологиялық құқықтың аса күрделі және көпжақты институттарының бірі табиғат пайдалану құқығының институты болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес меншік құқығы тек жер қорына ғана қолданылады; жер қойнауы, су, орман, жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа тек пайдалану құқығында ғана беріледі. Сондықтан экологиялық қатынастардың аса көп мөлшері табиғат пайдалану институтына қатысады.

Жалпы мағынасында табиғат пайдалану деп адамның өзінің әралуан өмірлік қажеттерін (экономикалық, экологиялық, рухани, мәдени-сауықтыру, имандылық - эстетикалық қажеттерін) қанағаттандырумен итермелейтін адамның табиғатпен өзара әрекеті ұғынылады. Жалпылай алғанда табиғат пайдалану дегеніміз — адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалану.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық және құқықтық емес екі формасын бөліп көрсетуге болады. Құқықтық емес формаларға құқықтық жағдайларға апармайтын ұйымдастырушылық шаралар мен материалды – техникалық операциялар жатады. Құқықтық формаларды келесідей үш топқа бөліп қарастырамыз:

1. Құқық шығарушы – мемлекеттік органдармен басқару қатынастарын реттеуге бағытталған нормативтік – құқықтық актілердің құрылып, қабылдануы;

2. Құқық қолданушы – бұл мемлекеттің нақты шешімдерді қабылдау мен орындау жолымен басқарушы нормативтік актілерді жүзеге асыруға бағытталған қызметі;

3. Құқық қорғаушы – мемлекеттің бұл қызметі мемлекеттік нормативтік актілермен көзделген талаптарды бұзған немесе орындамаған тұлғаларға жаза қолданудан көрінеді.

Мемлекеттік экологиялық басқару әдістері жалпы және арнайы әдістер деп екі түрге бөлінеді. Жалпы әдістерге әкімшілік, экономикалық және идеологиялық әдістер жатқызылады. Арнайы әдістерге тыйым салу, тоқтату, уақытша тоқтату, иеліктен айыру, келісім, рұқсат ету жатады.

1. Мемлекеттік экологиялық басқару ұғымы және мазмұны

Мемлекеттік экологиялық басқару – мемлекеттік органдардың қоршаған табиғи ортаны қорғау, қайта қалпына келтіру мен пайдалануды ұйымдастыруға, жеке және заңды тұлғалардың, шаруашылықтар мен мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды қызығушылықтарын сақтауға бағытталған және өндірістік дамудың адам мен табиғатқа зиянды әсерін жоюға арналған қызметі. Сонымен қатар бұл - мемлекеттік органдардың – қоғамның қоршаған ортамен өзара іс – әрекеті кезінде экологиялық тәртіпті қамтамасыз ететін, мемлекет субъектілерінің экологиялық міндеттерін және құқықтарын жүзеге асыратын орындаушылық – билік етушілік іс – әрекеттері.

Басқару объектісі болып адамның экологиялық маңызды мінез – құлқы табылады, яғни адамдардың бар табиғи орта кешені мен адамды қоршаған ортаның табиғи ресурстарын қорғау мен пайдалану аясындағы әрекеті.

Басқару субъектісі болып экологиялық функцияларды орындау уәкілеттілігіне ие атқарушы билік органдары табылады.

Мемлекеттік экологиялық басқарудың қағидаларын негізгі екі топқа бөліп көрсетуге болады:

1. Жалпы қағидалар:

- басқарудың заңдылығы,
- жоспарлылық,
- басқарудың әкімшілік – территориялық ұйымдастырылуы;
- жүйе деңгейлері арасындағы сатылық, т.б.

2. Арнайы қағидалар:

• адам денсаулығы мен өмірін қорғаудың басымдығы, халықтың қолайлы өмір сүруі үшін қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру және сақтау;

• табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік, мемлекетпен жерге жеке меншікті бақылау;

• шешімдерді қабылдау кезіндегі кешенділік;

• мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық міндеттерін шешу кезінде қоғамның экологиялық міндеттерін үйлесімді шешу;

• экологиялық мәселелерді шешуде азаматтардың, тұрғындардың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін – өзі басқару органдарының кең тартылуы мен белсенді түрде қатысуы;

• экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы бар мүмкіндіктерді пайдаланып, арнайы шаралар ұйымдастыру;

• экологиялық ақпараттарға тұрғындардың кез – келген уақытта қол жеткізе алуы;

• қоршаған табиғи ортаны қорғаудағы халықаралық бірлескен іс – әрекеттер, т.б.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 6-бабында қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері көрсетілген. Яғни қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауды;
- экологиялық нормалауды;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуді;
- мемлекеттік экологиялық сараптаманы;
- экологиялық рұқсаттар беруді;
- мемлекеттік экологиялық бақылауды;
- қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесін;
- мемлекеттік экологиялық мониторингті;
- табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды;
- экологиялық білім беру мен ағарту ісін қамтиды.

Сонымен қатар табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару:

- 1) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды;
- 2) табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молықтыруға мемлекеттік бақылау жасауды;
- 3) табиғи ресурстарды пайдалану құқығына лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар (келісімшарттар) жасасуды;
- 4) табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен молықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ұйымдастыруды;
- 5) табиғи ресурстардың мониторингі мен кадастрларын жүргізуді;
- 6) табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттер белгілеу мен квоталар бөлуді;
- 7) табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтіру мен молықтыруды жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды;
- 8) табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыруды қамтиды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық және құқықтық емес екі формасын бөліп көрсетуге болады. Құқықтық емес формаларға құқықтық жағдайларға апармайтын

ұйымдастырушылық шаралар мен материалды – техникалық операциялар жатады. Құқықтық формаларды келесідей үш топқа бөліп қарастырамыз:

4. Құқық шығарушы – мемлекеттік органдармен басқару қатынастарын реттеуге бағытталған нормативтік – құқықтық актілердің құрылып, қабылдануы;

5. Құқық қолданушы – бұл мемлекеттің нақты шешімдерді қабылдау мен орындау жолымен басқарушы нормативтік актілерді жүзеге асыруға бағытталған қызметі;

6. Құқық қорғаушы – мемлекеттің бұл қызметі мемлекеттік нормативтік актілермен көзделген талаптарды бұзған немесе орындамаған тұлғаларға жаза қолданудан көрінеді.

Мемлекеттік экологиялық басқару әдістері жалпы және арнайы әдістер деп екі түрге бөлінеді. Жалпы әдістерге әкімшілік, экономикалық және идеологиялық әдістер жатқызылады. Арнайы әдістерге тыйым салу, тоқтату, уақытша тоқтату, иеліктен айыру, келісім, рұқсат ету жатады.

Мемлекеттік экологиялық басқару органдары жүйесін құраушылар:

1. Әр түрлі кешенді, сонымен қатар экологиялық та міндеттемелерді шешетін жалы құзыретті органдар:

- ҚР Үкіметі;
- Жергілікті атқарушы органдар

2. Экологиялық функцияларды орындауға арнайы уәкілеттігі бар арнайы құзыретті органдар:

а) *Кешенді* – экологиялық міндеттердің барлығын немесе бір тұтас бөлігін атқарушы органдар:

- ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
- Қоршаған ортаны қорғаудың аймақтық басқармалары;
- ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі

б) *Салалық* – жекелеген табиғи объектілерді қорғау мен пайдалануды ұйымдастыратын органдар:

- ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігі
- ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің жер қойнауын зерттеу және жер қойнауын пайдалану жөніндегі Комитеті
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары жөніндегі Комитеті;
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті;
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің балық шаруашылығы жөніндегі Комитеті.

3. Функционалды – барлық табиғи объектілерге қатысты бір немесе бірнеше экологиялық функцияларды орындайтын органдар:

- ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің атом энергетикасы жөніндегі Комитеті;

- ҚР Қаржы министрлігінің кедендік бақылау Комитеті;

- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі;

- ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі

- ҚР Ішкі істер министрлігі, т.б.

Органдар жүйесінің негізінде ҚР Үкіметі тұр. ҚР Үкіметінің құзыреті ҚР Конституциясында, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық Заңда және ҚР Экологиялық Кодексінің 16 бабында анықталған, яғни Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында:

- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оларды жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді;

- табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды;

- табиғи ресурстардың әрбір түрінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік кадастрлары мен мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды; мыналарды:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді;

- ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін;

- эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесін;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын;

- қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелерді сату тәртібін;

- ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін;

- қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау қағидаларын;

- коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын;

- Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

- мыналарды:

- шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін;

- айрықша экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстарын өткізу тәртібін;

- қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін айқындайды;
мыналарды:

- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін;

- озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсаттар беру тәртібін;

- озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу тәртібін;

- аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін;

- жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекарасын;

- қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін;

- мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін;

- экологиялық (жасыл) инвестицияларды іске асыру тәртібін белгілейді;

- халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

- аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жариялайды және төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық режимінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Жергілікті атқарушы органдар заңға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындылары негізінде өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға немесе реконструкциялауға тыйым салады немесе рұқсат береді, өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді, жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚР қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның өз құзыреттері бар. Елімізде мұндай

арнайы құзыретті орган болып – ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі табылады. ҚР Экологиялық Кодексінің 17 бабында анықталғандай, оның келесідей құзыреті бар:

- қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;
- өз құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыру бөлігіндегі қызметін үйлестіреді;
- климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;
- жеке және заңды тұлғалардың климатты және Жердің озон қабатын қорғау, биоәртүрлілікті сақтау, жердің шөлейттенуі мен жұтаңдауы саласындағы қызметін үйлестіруді өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;
- өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;
- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;
- мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады;
- табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензияларды, рұқсаттарды, шарттарды (келісімшарттарды) өз құзыреті шегінде келіседі, т.б.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы бойынша ішкі істер органдарына карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде өткізуге қатысуға; өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитариялық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресуде жәрдем көрсету; т.б. міндеттер жүктелген.

ҚР Экологиялық Кодексінің 1 бабының 56 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік экологиялық бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылау мынадай табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын

калыптастыруды және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы саласындағы бұзушылықтардың алдын алуды орындау үшін қызмет етеді.

Экологиялық бақылау объектісі болып бақыланушы субъектілердің экологиялық заңдылықты сақтау әрекеті табылады.

Экологиялық бақылау субъектісі болып бақылаушылар мен бақыланушы тұлғалар табылады. Бақылаушылар – экологиялық бақылау функцияларын орындайтын мемлекеттік экологиялық басқару органдары, олардың лауазымды тұлғалары, ведомства астындағы бөлімшелеріне қатысты ведомстволар, қоғамдық бірлестіктер. Бақыланушылар – жеке және заңды тұлғалар, табиғатты пайдаланушылар болып табылатын ауыл шаруа қожалықтары табылады.

Экологиялық бақылаудың келесідей функциялары бар:

- Ақпараттық;
- Ескерту;
- Жазалау.

ҚР Экологиялық Кодексінің 111- бабына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласында мемлекеттік бақылаудың мынадай түрлері қолданылады:

- 1) экологиялық бақылау;
- 2) жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау;
- 3) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау;
- 4) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы бақылау;
- 5) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласындағы бақылау;
- 6) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы бақылау;
- 7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау.

Табиғи объектіге қатысты бақылаудың 2 түрін бөліп көрсетуге болады:

- Кешенді;
- Ресурстарға қатысты.

Бақыланушы субъектілерге қатысты келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- Ведомство үстінен бақылау;
- Ведомствоішілік бақылау.

Мемлекеттік экологиялық бақылаудың ескертуші, ағымды, кезеңді сипаттағы формалары бар.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

- Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторы;
- Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторының орынбасары;
- Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық инспекторлары;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік экологиялық инспекторлары жатады.

ҚР Экологиялық Кодексінің 117 - бабына сәйкес Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың келесідей құқықтары бар: 1) табиғат пайдаланушылармен, жеке тұлғалармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасуға; 2) тексерілетін объектілерде, оның ішінде әскери және қорғаныс объектілерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кедергісіз болуға; 3) жеке және заңды тұлғалардың аумақтарына сынамалар алуға арналған өлшеу аспаптары мен жабдықтарды алып кіруге, қажет болғанда мамандарды және жұртшылық өкілдерін тарта отырып, қажетті өлшеу жұмыстарын жүргізуге, сынамалар (оның ішінде тауарлар мен материалдардың үлгілерін) алуға және оларға талдау жасауға; 4) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдаулар нәтижелерін және өзге де материалдарды сұратуға және алуға; 5) қоршаған ортаға және (немесе) халықтың денсаулығына аса ірі залал келтіруге әкеп соққан, табиғат пайдаланушы экологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялық рұқсатта көзделген табиғат пайдалану шарттарын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензияны тоқтата тұру немесе одан айыру және (немесе) табиғи ресурстарды пайдалану және алу шартын (келісімшартты) бұзу жөнінде, табиғат пайдалануға экологиялық және өзге де рұқсаттарды тоқтата тұру немесе одан айыру жөнінде ұсыныстар енгізуге; 6) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығаруға; 7) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тыйым салу туралы талап-арыздар ұсынуға, т.б.

Сонымен қатар, мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар: 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға; 3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзудың қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері бар фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға; 4) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалармен

өзара іс-қимыл жасауға; 5) инспекторлық ақпарат құпиялығын сақтауға; 6) қызметтік әдеп ережелерін сақтауға міндетті.

Экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар өз құқықтары мен міндеттерін инспекторлық экологиялық тексерулер арқылы жүзеге асырады. Инспекторлық экологиялық тексеру - мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы туралы ақпаратты жинау мен талдау арқылы жүргізетін іс-шаралар кешені. Оның келесідей түрлері бар, яғни: жоспарлы, жоспардан тыс, қарсы, рейдті, кешенді.

Арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

ҚР Экологиялық Кодексіне сәйкес, өндірістік экологиялық бақылаудың мақсаттары:

1) табиғат пайдаланушының экологиялық саясатына, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне және қоршаған ортаға ықпалды әсер ететін өндірістік процестерді реттеу аспаптарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) табиғат пайдаланушының өндірістік процестерінің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер етуін мейлінше азайту;

4) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;

5) тосын жағдайларға жедел кідіріссіз ден қою;

6) табиғат пайдаланушылардың басшылары мен қызметкерлерінің неғұрлым жоғары деңгейде экологиялық хабардар болуы мен жауапкершілігін қалыптастыру;

7) кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету;

8) экологиялық талаптарға сәйкестіктің деңгейін арттыру;

9) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін арттыру;

10) инвестициялау және кредит беру кезінде экологиялық тәуекелдерді есепке алу болып табылады.

Қоғамдық экологиялық бақылау жұртшылықты мемлекеттің экологиялық проблемаларына тарту мақсатында жүргізіледі. Қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес айқындайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, табиғат пайдалану қоғамдық өндірістің ерекше саласы ретінде табиғат байлығын кешенді үнемдеп пайдалану арқылы қоғамның материалдық қажетін өтеуге және табиғи ортаға өндірістің зиянды әсерін болдырмауға бағытталған. Өндіріске қатыстырылатын табиғат байлықтары: пайдалы қазба байлықтар (минералдық шикізат), су, ауа, орман, жер, тек қана өндіріс шикізаты емес, сонымен қатар, өндіріс құралы да болып табылады. Өндірістік қатынасқа қосылмаған табиғат байлығын да ұлттық байлық ретінде қарап, оның табиғи қалпының сақталуын, сапасының төмендеуін қамтамасыз ету керек. Табиғат байлығын тиімді пайдалану өндірістің дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, табиғи ортаның тазалығын, оның қалпына келетін қорын молайту және табиғи ортаның тепе-теңдігін сақтау болып табылады. Басқаша айтқанда, табиғи орта мен ондағы өндірістің даму тепе-теңдігі сақталуы тиіс. Сондықтан табиғи ортаны, табиғат байлығын қорғау халықтың материалдық, рухани, әлеуметтік мұқтажын үздіксіз өтеуге, табиғат байлығын қалпына келтіруге, молайтуға бағытталуы қажет.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы және табиғатты пайдалану құқығын айтатын болсақ, Табиғи ресурстар – бұл қоршаған ортаның құрамдас бөліктері. Меншік құқық, Қазақстанның заңнамасы бойынша, қоршаған табиғи ортаның табиғи ресурстарға жататын бөлігіне қатысты ғана белгіленуі мүмкін, ол бұл ортаның басқа объектілеріне қатысты белгіленбейді. Соңғылар заңның қорғауында болады, ал меншік құқығы және пайдалану құқықтары табиғи ресурстарға ғана белгіленеді. Негізгі заттық құқық ретінде меншік құқығы танылады, ол өз мәні жағынан әрқашан да мүліктік құқық болып табылады. Табиғи ресурстарға меншік құқығында заттық құқық ретінде бірқатар ерекшеліктер бар. Бұл ерекшеліктері субъектілерге, объектілерге, табиғи ресурстарға меншік құқығын қорғауға және мазмұнына қатысты, ал бұл ерекшеліктер кейде табиғи ресурстардың түрлеі мен меншік түрлеріне қарай жіктеледі. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығының объектісі тек табиғи ресурстар, олар табиғи ортаның құрамдас бөліктері, одан бөлініп алынбайды. меншік құқығының объектісі болып табылатын табиғи ресурстарды табиғи ресурстардың табиғи ортадан бөлінген бөліктерімен шатастыруға болмайды. Табиғи ресурстардың заң жүзінде басқа сипатқа ие болған бұл бөліктеріне табиғи ресурстардың өздеріне қарағанда мүлде басқа құқықтық режим белгіленуі мүмкін. Мысалы, минералдық шикізат, яғни жер қойнауының жер бетіне көтерілген бөлігі, немесе техногендік минералдық құрылымдар (тау, байыту, металлургия және басқа өндіріс қалдықтары), егер контрақтыда басқадай көзделмеген болса, меншік, шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығында жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі болуы мүмкін. Табиғи ресурстарға оралымды басқару құқығы мен шаруашылық жүргізу құқығы

ешқашан белгіленбейді. Ал, табиғи ресурстарға жеке меншік құқығын алатын болсақ, жеке меншік иесіне барлық табиғи ресурстардан тек жер ғана тиесілі болуы мүмкін. Табиғи ресурстарға қатысты маңызды және арнайы заттық құқық ол- табиғатты пайдалану құқығы(табиғи ресурстарды пайдалану құқығы). Оны меншік иесінің табиғи ресурстарды пайдалану құқығымен шатастыруға болмайды: бұлар құқықтың бөлек екі түрі. Пайдалану құқығын, өз өкілеттігінің бірі ретінде, меншік иесі өзінің меншігіндегі табиғи ресурстарға қатысты жүзеге асырады. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы, әрқашанда, пайдаланушының меншігіндегі ресурстарға қатысты емес, құқықтың басқа субъектісінің, негізінен мемлекеттің меншігіндегі ресурстарға қатысты жүзеге асырылады. Тек жер учаскесін пайдалану құқығы ғана мемлекеттік те, жеке де меншіктегі жерлерге қатысты болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодексі (11.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (1994 ж. 27 желтоқсан) (2015.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999 ж., 1 шілде, № 409) (2015.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
4. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі, 2003 ж. 20 маусым. (11.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 маусымдағы Орман Кодексі (21.11.2014ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
6. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 маусымдағы Су Кодексі № 481 (01.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
7. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (14.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
8. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі (01.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
9. «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы (11.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
10. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 маусымдағы Заңы (01.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
11. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі заңы (10.01.2015ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" Қаулысы
13. Д.Л.Байділдинов. ҚР экологиялық құқығы. Оқу құралы – Алматы: Қазақстандағы СҚЗҚҚ «Интерлигал» баспа орталығы, 2005 ж.
14. Карасев О.И. Природные ресурсы России: Комментарий законодательства. – М., 2002. Б.31.
15. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. - Алматы, 1996 ж.

16. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. - Алматы: Борки, 1997 ж.
17. Боголюбов С.А. Экологическое право. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. –М: Норма баспасы, 2000 ж. - 448 б.
18. Бринчук М.М. Экологическое право России (Право окружающей среды) - М.: Юристъ, 1998 ж.
19. Право природопользование в СССР. – М.: Наука, 1990. Б.41.
20. Бекишева С.Ж. Экологическое право Республики Казахстан// Қарағанды:Арко-2001 ж.
21. Петров В.В. Экологическое право России М.: Изд. БЕК-1995 ж